5. Сутягин В., Ляпков А. Общая химическая технология полимеров. Изд.: Лань Спб, 2018г- 208с.

7. Әдістемелік қамтамасыз етілуі:

Дәріске сілтеме:

https://docs.google.com/document/d/10kK_8aAAZDBpShqoVwKBuwRAd9UydZkN/edit?usp=sharing&ouid=103428168790945926723&rtpof=true&sd=true

8. Бақылау сұрақтары:

- 1.Не себепті төмен температуралы крекинг үрдісіне қарағанда жоғары температуралы (600-700°C) крекинг үрдісінде газтәрізді өнімдер көп түзіледі?
- 2.Гептанды крекингілеу кезіндегі термиялық ыдырау реакциясын жазыңыз.
- 3.Бутанның крекингілеу кезіндегі дегидрлену реакциясын жазыңыз.
- 4.Крекингілеу үрдісі барысында қысымның ұлғаюы не себепті газтәрізді өнімдердің түзілуін төмендетеді.

Тақырып №10-11

1. Тақырыбы: Ағаш пиролизі

2. Мақсаты: Қатты заттар шығымын анықтау, сұйық және газ тәрізді өнімдерге және ағашқа құрағақ айдау жүргізу. Сірке қышқылының сандық мөлшерін анықтау. Түзілген газ тәрізді өнімдерге талдау жүргізу.

3. Оқыту міндеттері:

- Химиялық технология, типтік химиялық процестер және аппаратуралар базаланатын теориялық негіздер және әр түрлі шикізат түріне және

OÝTÜSTIK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Фармацевтикалық және токсикологиялық химия кафедрасы	044 -55/ 84 беттің 48 беті
«Жалпы химиялық технология» пәні бойынша зертханалық сабакқа арналған әдістемелік нұсқау	

оларды қайта өндегеуден әдістеріне, технологиялық операцияларға оптимизациялау жолдарына сипаттамалар беру;

- Экономикалық көрсеткіштер ретінде де технологияның экологиялық тазалығы ретінде қамтамасыз ететін өндірістік жағдайларда процестің бағыт таңдауға базаланып фармацевтикалық препараттарға шикізатты қайта өндегеудің рационалдық жолдарын анықтай білу;
- Зертханалық зерттеулерді, тапсырмаларды шешеу және технологиялық есептемелерді орындауды жүргізгенде аппаратураны таңдауда және қондырғыны монтаждауда тәжрибелік білімдерге ие болу.
- Білім алушыларға ағаш пиролизін жүргізу үрдісін үйрету.

4. Тақырыптың негізгі сұрақтары:

1. Отын классификациясы?

2. Қатты отын құрамы?

3. Кокс газын қайта өндегеуден?

4. Ағаш негізгі құрам бөліктері қандай?

5. Ағашты құрғақ айдау ерекшеліктері? Процесс нәтижесінде қандай өнімдер түзіледі?

6. Газификация процесіне сипаттама беріңіз?

5. Пәннің соңғы ОН қол жеткізу үшін оқытудың негізгі формалары/әдістері/ технологиялары: Дәстүрлі (бастапқы білімін бақылау, лабораториялық жұмыс, талдау хаттамаларын жазу және қорғау)

6. Пәнді ОН қол жеткізу деңгейін бағалауға арналғанбақылау түрлері (тестілеу, ситуациялық есептерді шешу және т.б.)

Оқу обьектісі:

4. Ағаш

Зертханалық сабакты өткізуге 150 минут бөлінеді, ол төмендегідей үлестіріледі:

№	Сабак кезеңдері	Уақыты (мин.)
1	зертханалық сабак тақырыбы бойынша білім алушылардың бастапқы білім деңгейін анықтау	5
2	білім алушылардың зертханалық жұмыстарды орындауы	110
3	хаттама жазу және хаттама бойынша жұмысты қорғау	15
4	зертханалық сабак тақырыбы бойынша білім алушылардың жалпы білімін бағалау	15
5	сабакты қорытындылау (баға қою)	5

ОҢТҮСТИК QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Фармацевтикалық және токсикологиялық химия кафедрасы	044 -55/ 84 беттің 49 беті
«Жалпы химиялық технология» пәні бойынша зертханалық сабакқа арналған әдістемелік нұсқау	

Сабақтың мазмұны:

Жұмыс орны № 1

Ағашты құрғақ айдау

Ағаш пиролизі

Ақпараттық бөлім

Ағашты қыздырғанда ауасыз жерде ағаш көмірі, сілтілік қышқыл, метил спирті, ацетон, су, метан, көміртегінің екі тотығы алынады.

Сұйық өнімдер екі қабат түзеді- шайыр және су конденсаты түзіледі. Жапырақшалы тұқымдардың өнімдері ауыр шайыр және шайырлық суды береді. Арша тұқымдары жеңіл шайыр түзеді, оның құрамына терпендер, фенолдар, түрлі алифатикалық көміртегілер енеді. Сулы конденсат шайыр астына жиналады және шайыр асты су деп аталады.

Бөлінетін өнімдердің сипатын ағаштың қызу температурасымен анықталады.

Тәжірибе жүзінде құрғақ ағаштың қара шіріктерін 450-500 С жүргізеді, сонымен одан әрі температураның артуы сұйық өнімдердің бөлінуін арттырады.

Ағаштың қара шірік өнімдері - құнды химиялық шикізаттар.

Құрылғылар мен материалдар


1. Роторлы герметикалық жапқыштар (колбамен алмастыруға болады);
2. Тигельді электр пеш 500°C-қа дейін қыздырылатын;
3. Пирометрлі термопара немесе термометр 500°C;
4. Газтәрізді өнімдерді және сұйық жүйелер үшін ұзартқыштар;
5. Ағаш опилькасы немесе ағаш бөлшектері;
6. 0,1 н сілті ерітіндісі;
7. Фенолфталеин;
8. Бромды су;

Жұмысты жүргізу әдістемесі

Ағаштың құрғақ қара шірігі үшін темір (сур.1) немесе литрлік шыны колбамен (сур.1) қолдануға болады. Ротортаны оның көлемінің жартысына дейін алдын ала таразыланған жоңқалармен немесе ағаш бөліктерімен жүктейді (30-40 г жуық). Жинақталған қондырығыны герметикалықа зерттейді, қысқыш 8 ашады. Егер құрылғы герметикалық болса, онда су қысқа уақытта ағып кетеді, ал кейін ток тоқтайды. Судың тогы тоқтаған кезде қысқыш 8 жабылады, резенке шланғы қабылдағыштан бөледі 4 және колбаны 100-110°C дейін қыздырады. Шланғыны қабылдағышқа 4 жалғайды, қысқышты 8 ашады және колбаны 300°C дейін қыздырады, біртіндеп 450-

OÝTÜSTIK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Фармацевтикалық және токсикологиялық химия кафедрасы	044 -55/ 84 беттің 50 беті
«Жалпы химиялық технология» пәні бойынша зертханалық сабакқа арналған әдістемелік нұсқау	

500°C дейін температураны арттырады. Қарашибіктің сүйиқ өнімдері шыны қабылдағышта жиналады, ал газды тәрізділер - газометрде жиналады. Газ тәрізді өнімдердің мөлшері газометрден ақкан су көлемімен анықталады. Тәжірибе аяқталған соң электрлі пешті сөндіреді және қабылдағышты бөледі, ондағы сүйиқ өнімдер реакторда жатып бөліп алады.



Сур. 1. Ағашты құрғақ айдау:

1 -ағаш ұнтақтары бар колба; 2 - термометр; 3- газеткізгіш түтікшесі; 4 - жалғастырыш; 5 - салқындақтың қоспа; 6 - газометр - газ тәрізді өнімдерді қабылдағыш; 7-ағын суды қабылдайтын түтік; 8 - қысқыш; 9- асбест.

Сүйиқ өнімдердің көлемін өлшемдік цилиндрмен өлшейді, оларды колбаға құяды, колбадағы заттарды біртіндеп 120°C дейін қыздырады. Ең алдымен метилді спирт қуылады, кейін су және сілтілі қышқыл қуылады. Айдау үшін құрылғы орташа көлемде болуы тиіс: колба 20 -30 мл, тоңазытқыш ұзындығы 20 см.

Сілтілік қышқылды анықтау үшін дистилляттарды стаканға құяды және титрлейді 0,1 н сілті ерітіндісімен фенолфталиномен жасайды. Сапалы газ тәрізді өнімді талдау үшін газометрден сумен ығыстырады. Көміртегі екі тотығының болуы кальцийдің гидро тотығы ерітіндісі арқылы өткізумен пайда болады. Белгісіз қосылыстардың болуы жинақталған газдың бромдық су арқылы жинақталған газды өткізумен дәлелденеді.

Газ тәрізді отындық өнімдер. Мұны газометрден бөлінетін газды жандырып көрсетуге болады. Ол үшін газометрге су және газды құяды және жандырады. Газ тәрізді өнімдердің талдауы оқытушы нұсқаулығымен жүргізіледі.

ОҢТҮСТИК QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Фармацевтикалық және токсикологиялық химия кафедрасы	044 -55/ 84 беттің 51 беті
«Жалпы химиялық технология» пәні бойынша зертханалық сабакқа арналған әдістемелік нұсқау	

Жұмыс нәтижелерін безендіру

Ағашты құрғақ айдау құрылғысының суретін салу және жұмысқа қысқаша сипаттама беру. Сандық мәліметтерді кестеге енгізу.

Алынған ағаш мөлшері (г)	айдау кезінде алынған мәліметтер			
	Сірке қышқылы (г)	Сұйық өнім (мл)	Газ тәрізді өнім (л)	Көмір (г)

Техника қауіпсіздігі

- Білім алушы зертханалық сабакты орындауға техника қауіпсіздігі инструктажын және өрт қауіпсіздігін менгергеннен соң жіберіледі.
- Зертханалық жұмысты ақ халатта жүргізу керек.
- Қышқылдарды, сілтілерді және басқа сілтілі сұйықтарды пипеткамен ауызбен соруға қатаң тыым салынады. Қышқылдар мен сілтілерді тек қана сорғышпен алу қажет. Бром, сутек пероксиді, плавик қышқылы және басқа күйдіргіш сұйықтары бар ыдыстарды ашқанда, ыдыстың аузы ашып жатқан адамға бағытталмауы тиіс.
- Қышқылдар мен сілтілер және басқа улы уландырғыш заттармен тек қана желдеткіш қосылған сорғыш шкафтың ішінде жұмыс істей қажет.

7. Эдебиеттер негізгі:

қазақ тілінде

- Химиялық технология негіздері: оқулық/ Ы. К. Тойбаев [ж. б.]; ҚР БФМ. - Алматы: ЖШС РПБК "Дәуір", 2011.-296 бет.- (ҚР Жоғары оқу орындарының қауымдастыры).
- Химия өндірісінің негізгі процесстері мен аппараттары: Зертханалық практикум: оқу құралы / Ш. Ш. Нұрсейітов. - Алматы: Эверо, 2014. - 140 бет. с.
- Seitmagzimova, G. M. General chemical technology: textbook / G. M. Seitmagzimova. - Almaty: Association of higher educational institutions of Kazakhstan, 2016. - 292 p.

орыс тілінде

- Жакирова, Н. К. Основы фармацевтической биотехнологии: учеб. пособие / Н. К. Жакирова, Н. К. Байзолданов, З. Б. Сакипова. - Алматы: Изд-во КазНМУ, 2008. - 256 с.

<p>ОҢТҮСТИК QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY</p> <p>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</p>	 <p>SKMA —1979—</p>	<p>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY</p> <p>АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</p>
<p>Фармацевтикалық және токсикологиялық химия кафедрасы</p>		<p>044 -55/ 84 беттің 52 беті</p>
<p>«Жалпы химиялық технология» пәні бойынша зертханалық сабакқа арналған әдістемелік нұсқау</p>		

2. Жакирова, Н. К. Общая химическая технология: учеб. пособие / Н. К. Жакирова; Рек. Учеб.-методич. Советом ун-та им. С. Д. Асфендиярова. - Алматы : Эверо, 2013. - 119 с.

электронды басылымдар:

1.Усманова, М. Б. Жалпы химия [Электронный ресурс]: оқу құралы/ М. Б. Усманова. - Электрон. текстовые дан. (19,1 МБ). - Өскемен: "Мультимедия зертханасы", 2007. - эл. опт. диск (CD-ROM).

КАО электронды ресурстар

- Электронная библиотека ЮКМА - <https://e-lib.skma.edu.kz/genres>
- Республикаанская межвузовская электронная библиотека (РМЭБ) – <http://rmebrk.kz/>
- Цифровая библиотека «Aknurpress» - <https://www.aknurpress.kz/>
- Электронная библиотека «Эпиграф» - <http://www.elib.kz/>
- Эпиграф - портал мультимедийных учебников <https://mbook.kz/ru/index/>
- ЭБС IPR SMART <https://www.iprbookshop.ru/auth>
- информационно-правовая система «Зан» - <https://zan.kz/ru>
- Cochrane Library - <https://www.cochranelibrary.com/>

қосымша:

1. Ергожин, Е. Е. Ордена Трудового Красного Знамени Институт химических наук им. А. Б. Бектурова в 1988-2003 гг.- открытия, внедрения, достижения и награды: науч. изд. / Е. Е. Ергожин. - Алматы: ТОО "Print-S", 2004. - 95 с.
2. Товажнянский Л., Кошелева М., Бухкало С. Общая химическая технология в примерах, задачах, лабораторных работах и тестах. Учебное пособие. Изд.: Инфра-М, 2015г-447с.
3. Айнштейн В. Г., Захаров М. К., Носов Г. А. и др. Процессы и аппараты химической технологии. Общий курс. Книга 1. Изд.: Лань Спб, 2018 г- 916с.
4. Айнштейн В. Г., Захаров М. К., Носов Г. А. и др. Процессы и аппараты химической технологии. Общий курс. Книга 2. Изд.: Лань Спб, 2018 г- 876с.
5. Сутягин В., Ляпков А. Общая химическая технология полимеров. Изд.: Лань Спб, 2018г- 208с.

7. Әдістемелік қамтамасыз етілуі:

Дәріске сілтеме:

https://docs.google.com/document/d/10kK_8aAAZDBpShqoVwKBuwRAd9UydZkN/edit?usp=sharing&ouid=103428168790945926723&rtpof=true&sd=true

8. Бақылау сұрақтары

1. Ақ қайың ағашын құрғақ қуған кезде 450-500 с орташа алғанда 32% ағаш көмірін, 14 % газды, 16% шайырды, 28% суды, сілтілік қышқылды 7% , метил спиртін 1,6% , ацетонды 0,9%, алады; алынған газда көміртегінің екі тотығына 46%. Көміртегі тотығына 33%, метанға 17% , этиленге 2% және

OÝTÜSTIK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Фармацевтикалық және токсикологиялық химия кафедрасы	044 -55/ 84 беттің 53 беті
«Жалпы химиялық технология» пәні бойынша зертханалық сабакқа арналған әдістемелік нұсқау	

сугеғіге 2%ие. Ақ қайың ағашының 100 салмақтық бөлігінен қанша бейорганикалық және органикалық заттар алынады?

Жауабы. Органикалық-28 салмақтық бөліктер, бейорганикалық -72 салмақтық бөліктер алынады.

2. Неге органикалық заттардың және көміртегінің екі тотығы құрғақ қара шірік өнімінде температура артқанда төмендейді, ал көміртегі тотығы және сутегі артады?

3. Белсендерілген көмір алу үшін ағаш көмірін сулы бумен қысыммен қыздырады. Қандай физикалық процестер және химиялық реакциялар орын алады?

4. Ағашты құрғақ қара шірігінде қандай реакциялар есебінен көміртегі және көміртегі екі тотығы түзіледі?

5. Ауаның теориялық шығыны қатты және сүйық жанаармайдың жану реакциясымен есептелген деңгейі белгілі болайша анықталады:

Мұнда С, Н, О, S және H₂O салмақтық пайызыдағы жанаармайдағы көміртегінің, сутегінің, оттегінің, күкірттің және су буның құрамы. Сәйкес тотығуды қолданып жылу түзуді қолданып қандай жолмен Д.И.Менделеев келтірілген өрнекті анықтады?

$$V=0.089C + 0.267H + 0.033(S-O) \text{ нм/кг жанаармай.}$$

6. Д.И.Менделеевтің жанаармайдың жылу бөлгіштік қабілетін анықтау үшін мына өрнек шығарылған:

$$Q=81C+246H-26(O-S)-6H_2O \text{ ккал/кг.}$$

Мұндағы C,H,S,O - салмақтық пайызыдағы жанаармайдағы көміртегінің, сутегінің, оттегінің, күкірттің және су буның құрамы. Берілген тендеу қандай тендеулер негізіне негізделген?

Тақырып №12-13

1. Тақырыбы: Қатты отынның қасиеттерін анықтау.

2. Мақсаты:

1) Қатты отынның ылғалдылығын, күлділігін және үшпа заттарын анықтаудың стандартты тәсілдерімен танысу.

2) Қатты отынның сапасын анықтау.

3. Оқыту міндеттері:

- Химиялық технология, типтік химиялық процестер және аппаратуралар базаланатын теориялық негіздер және әр түрлі шикізат түріне және

OÝTÜSTIK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Фармацевтикалық және токсикологиялық химия кафедрасы	044 -55/ 84 беттің 54 беті
«Жалпы химиялық технология» пәні бойынша зертханалық сабакқа арналған әдістемелік нұсқау	

оларды қайта өндеу әдістеріне, технологиялық операцияларға оптимизациялау жолдарына сипаттамалар беру;

- Экономикалық көрсеткіштер ретінде де технологияның экологиялық тазалығы ретінде қамтамасыз ететін өндірістік жағдайларда процестің бағыт таңдауға базаланып фармацевтикалық препараттарға шикізатты қайта өндеудің рационалдық жолдарын анықтай білу;
- Зертханалық зерттеулерді, тапсырмаларды шешеу және технологиялық есептемелерді орындауды жүргізгенде аппаратураны таңдауда және қондырғыны монтаждауда тәжрибелік білімдерге ие болу.
- Білім алушыларды қатты отынның сапасын анықтау үрдісін үйрету. Қатты отынның ылғалдылығын, күлділігін және ұшпа заттарын анықтаудың стандартты тәсілдерімен таныстыру.

4. Тақырыптың негізгі сұрақтары:

1. Отын классификациясы?
2. Қатты отын құрамы?
3. Коксты газды қайта өндеу?
4. Ағаштың негізгі құрамды .
5. Ағашты құрғақ айдау мағынасы қандай? Осы үрдіс нәтижесінде қандай өнімдер алынады?
6. Процесс газификации.

5. Пәннің соңғы ОН қол жеткізу үшін оқытудың негізгі формалары/ әдістері/ технологиялары: Дәстүрлі (бастапқы білімін бақылау, лабораториялық жұмыс, талдау хаттамаларын жазу және қорғау)

6. Пәнді ОН қол жеткізу деңгейін бағалауға арналғанбақылау түрлері (тестілеу, ситуациялық есептерді шешу және т.б.)

Оқу обьектісі:

- 1.Қатты отын
- 2.Көмір

Зертханалық сабакты өткізуге 150 минут бөлінеді, ол төмендегідей үлестіріледі:

№	Сабак кезеңдері	Уақыты (мин.)
1	зертханалық сабак тақырыбы бойынша білім алушылардың бастапқы білім деңгейін анықтау	5

<p>ОҢТҮСТИК QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY</p> <p>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</p>	 <p>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</p>
<p>Фармацевтикалық және токсикологиялық химия кафедрасы</p>	<p>044 -55/ 84 беттің 55 беті</p>
<p>«Жалпы химиялық технология» пәні бойынша зертханалық сабакқа арналған әдістемелік нұсқау</p>	

2	білім алушылардың зертханалық жұмыстарды орындауды	110
3	хаттама жазу және хаттама бойынша жұмысты қорғау	15
4	зертханалық сабак тақырыбы бойынша білім алушылардың жалпы білімін бағалау	15
5	сабакты қорытындылау (бага қою)	5

Сабақтың мазмұны:

ТЕОРИЯЛЫҚ МАҒЛУМATTАР

Отындық-энергетикалық ресурстар отындық және отындық емес, бастапқы қалпына келетін және бастапқы қалпына келмейтін, бірінші реттік және екінші реттік болып бөлінеді. Отындық ресурстарға жанғыш қазбалар (көмір, мұнай, торф, сланец және табиғи газ) жатады. Отындық емес ресурстарға атомдық және термоядролық энергия, күн энергиясы, гидроэнергия (өзендер энергиясы), жер қойнауының жылу энергиясы (геотермальдық), мұхит суының көтерілу және төмендеу энергиясы, жел энергиясы жатады. Бастапқы қалпына келетін энергия көздеріне барлық отындық емес энергия көздері (атомдық энергиядан басқасы) және де биомасса (ағаш және басқа да өсімдік шикізаттары) жатады. Бастапқы қалпына келмейтін энергоресурстарына олардың жер қойнауындағы қорларын өндірген сайын азая беретін көздері жатады. Олардың қатарына барлық жанғыш қазбалар мен атомдық "отын" - уран кіреді. Жоғарыда аталған барлық энергия көздері бірінші реттік болып саналады.

Екінші реттік энергетикалық ресурстарға химия-технологиялық процесте пайда болатын соңғы, жанама және аралықты өнімдердің энергетикалық потенциалдарының энергиялары жатады. Екінші реттік энергоресурстарын қолдану арқылы өндірісті жартылай немесе түгелдей энергиямен қамтамасыз етуге болады.

Отын деп жылу энергиясының көзі және химиялық өнеркәсіптің шикізаты болып табылатын табиғи немесе жасанды жанғыш органикалық заттарды атайды. Отынды агрегаттық құйіне байланысты қатты, сұйық және газ тәрізді деп, ал пайда болуына байланысты табиғи және жасанды деп бөледі. Табиғи отындар: қаттылары - қоңыр және тас көмірлер, ағаштар және жанғыш сланец, торф; сұйықтар - мұнай; газ тәрізділер-табиғи газ және мұнай өндірісінің жолшыбай газдары.

Жасанды отындар - табиғи отындарды өндеуден пайда болған заттар: қаттылары - кокс, жартылай кокс, торфтық және көмірлік брикеттер, ағаш көмірі; сұйықтары- бензин, керосин және басқа да мұнай өндеу нәтижесінде пайда болған заттар; газ тәрізділер- генератор газы, кокстеу газы, жартылай кокстеу газы, мұнай өндеудің көмірсутекті өнімдері, сутегі.

<p>ОҢТҮСТИК QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY</p> <p>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</p>	 <p>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</p>
<p>Фармацевтикалық және токсикологиялық химия кафедрасы</p>	<p>044 -55/ 84 беттің 56 беті</p>
<p>«Жалпы химиялық технология» пәні бойынша зертханалық сабакқа арналған әдістемелік нұсқау</p>	

Отын энергетикалық және технологиялық болып бөлінеді. Энергетикалық отынды электр және жылу энергиясын алу үшін ЖЭС-ларында және қазандықтарда жағады. Технологиялық отынды тікелей технологиялық процестер мен операциялар жүргізілетін өндірістік қондырығыларда қолданады, мысалы қатты отынды кокстей және газдандыру процестерінде, шойын мен болат қорытуда, силикатты материалдарды күйдіруде, кептіру, буландыру, термиялық өндіре және т.б. процестерде қолданады.

Отынның негізгі технологиялық сипаттамасы болып оның жану жылуы (жылу бөлу қабілеті) және энергия сыйымдылығы саналады.

Отынның жылу бөлу қабілеті дегеніміз қатты немесе сұйық отынның салмақ бірлігінің (МДж/кг) немесе газ тәрізді отынның көлем бірлігінің (МДж/м³) толық жанып және жану заттарының қалыпты температураға дейінгі салқындағанында бөлінетін жылудың мөлшері.

Энергосыйымдылық дегеніміз отынның көлем немесе салмақ бірлігіндегі потенциальдық жылу энергиясының мөлшері. Ол жану жылуы 29,33 МДж/кг болатын 1 тонна шартты отынға сәйкес келетін жылудың көлемімен (м³) есептелінеді.

Қатты отынның құрамына жаңғыш немесе органикалық заттар және ылғал мен минералды заттардан тұратын балласты кіреді.

Отынның минералдық бөлігін кальций, темір, магний, алюминий, натрий және басқа металдардың карбонаттары, силикаттары, сульфаттары құрайды. Қатты отындар мен мұнайды жаққан кезде минералды заттар оксидтерге айналып қатты қалдық-күл түзеді. Отынның органикалық бөлігі көміртегі, сутегі, оттегі, азот және күкірттен тұратын өте құрделі зат. Күкірт отындағы зиянды қоспа болып саналады, өйткені ол жанған кезде күкірт диоксидіне айналып атмосфераны улайды. Қатты отынның негізгі сипаттамаларына ұшпа заттардың бөлінуі мен күлдік қалдықтардың пайда болуы жатады.

Қатты отынның техникалық анализі оның құрамы мен техникалық құндылығы жөнінде алғашқы жобалы түсінік береді. Әдетте техникалық анализ отынның ылғалдылығын W, күлділігін A, ұшпа заттардың бөлінуін V, күкірттің мөлшерін және жылу бөлу қабілетін Q анықтауға негізделеді. Алынған мәліметтер отынның белгілі бір қалпына қатысты болады: жұмысшы, ауа және абсолют құрғақ. Жұмысшы отынға кептірілмеген отын жатады, бұл отынды техникалық талдау нәтижелері W^a, A^a, V^a және т.б. болып белгіленеді.

Ауалы-құрғақ отын зертханалық үлгіні 70-75°C-де кептіру шкафында, содан соң бөлме температурасында кептіру нәтижесінде алынады. Техникалық талдау нәтижелері бұл жағдайда W^a, A^a, V^a және т.б. болып белгіленеді.

<p>ОҢТҮСТИК QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY</p> <p>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</p>	 <p>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</p>
<p>Фармацевтикалық және токсикологиялық химия кафедрасы</p>	<p>044 -55/ 84 беттің 57 беті</p>
<p>«Жалпы химиялық технология» пәні бойынша зертханалық сабакқа арналған әдістемелік нұсқау</p>	

Абсолют-құрғақ отын зертханалық үлгіні 105⁰C-де тұрақты салмаққа дейін кептіру нәтижесінде алынады. Абсолют-құрғақ отынға есептелінген күлділікпен ұшпа заттардың мөлшері сәйкесінше A^{a6} және V^{a6} деп белгіленеді.

Кей жағдайда ұшпа заттар мөлшерін органикалық массаға (отынның жанғыш бөлігі) жатқызып V^{*} арқылы белгілейді.

Көмірдегі ылғалдылықты сыртқы, гигроскопиялық және химиялық байланысқан деп бөледі. Сыртқы ылғалдылық көмірдің түйіршіктерін жұқа қабықша түрінде қаптап тұрады және отынды ауа-құрғақ жағдайға келтіргенде ұшып кетеді.

Гигроскопиялық ылғалдылықты көмір қоршаган ортадан сіңіреді де, ортаның салыстырмалы ылғалдылығына және температурасына байланысты болады және отынды 105⁰C-де кептіру арқылы шығарылады. Химиялық байланысқан ылғалдылық көмір және оның ішіндегі минералдық қоспалардың құрамында кристалдық су түрінде болады және ішкі немесе конституциялық деп аталады. Ол тек қана жоғары температурада көмірдің кристалдық торының бұзылуы нәтижесінде ғана шығарылады.

Көмірдегі ылғалдылықтың мөлшері әртүрлі болады және қоңыр көмірде шамамен 30-40%-ы құрайды. Отынның ылғалдылығы оның құрамындағы пайдалы заттардың құрамын және оның жылу беру қабілетін төмендетеді, оны тасымалдауға жұмсалатын шығындарды көбейтеді, көмірді байыту процесін қынданатады, сонымен қатар кокстеу жылдамдығын, яғни кокс пештерінің өнімділігін елеулі төмендетеді.

Күлді түзетін минералды қоспалар отын құрамындағы ылғалдылықтан да зиянды балласты болып саналады. Көмірдің жоғарғы күлділігі оны энергетикалық отын ретінде жәнс химиялық шикізат ретінде пайдалануды қынданатады, тасымалдау, арту-тұсіру жәнс т.с.с. сияқты шығындарды көбейтеді. Отынды жаққан кезде оның құрамындағы минералдық қоспалар өздерінің алғашқы құрамы мен қасиеттерін өзгертерді.

Күлділігі жоғары көмірлерді қолдану пештерді жиі тазалауды талап етеді. Домна процесінде күлділігі жоғары коксты пайдаланған кезде кокстың шығынымен қатар күлді шлактауға арналған флюстердің де шығыны артады. Бұл домна пештерінің өнімділігін біршама төмендетеді. Қатты жанғыш қазбалардағы күлдің түрі мен құрылышы әр түрлі болып келеді. Көмірдегі бастапқы өсімдік заттарынан түзілген күлдің (көмірмен химиялық байланысқан конституциялық күл) және көмірге көмір түзу процесінде желмен, сумен енгізілген күлдің (енгізілген күл) қосындысын "ішкі күл" деп атайды. Көмірге әртүрлі қоспалар түрінде және оны өндіру кезінде енгізілген күлді "сыртқы күл" деп атайды.

Ұшпа заттар дегеніміз отынды ауасыз ортада қыздырғанда түзілетін бу және газ тәрізді заттар. Ұшпа заттардың шығымы анықтауды жүргізу

OÝTÝSTIK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Фармацевтикалық және токсикологиялық химия кафедрасы	044 -55/ 84 беттің 58 беті
«Жалпы химиялық технология» пәні бойынша зертханалық сабакқа арналған әдістемелік нұсқау	

шарттарына байланысты болады. Температура, қыздыру жылдамдығы, отынның бөлшектерінің өлшемдері, зерттелетін отынды термиялық ыдырату процесінің қондырғылық суреттегіліктерінің және т.с.с. өте маңызды болып табылады. Сондықтан ұшпа заттар шығымын қатаң шектеулі жағдайларда анықтайтын. Әртүрлі отын түрлері үшін ұшпа заттардың шығымы да әртүрлі болады (6-дан 50%-ға дейін және одан да жоғары болуы мүмкін).

ТАЛДАУДЫ ЖҮРГІЗУ ӘДІСТЕМЕСІ

Қондырғылар, техникалық және аспаптық күралдар:

1. Кептіру шкафы
2. Муфель пеші
3. ВЛТЭ-150 зертханалық таразысы
4. Эксикатор

Отынның ылғалдылығын анықтау әдіstemесі

Отынның ылғалдылығын тікелей және жанама әдістермен анықтауға болады.

Отынның ылғалдылығын тікелей салмақтық тәсілімен анықтау кезінде (ГОСТ 9616-60) отынның үлгісін инертті газ ағынында (әдетте азот) 105-110°C-де кептіреді, ал бөлінген су буларын хлор қышқылды магниймен немесе күкірт қышқылмен сіңіріп алады. Ілғалдылықты тікелей көлемдік тәсілімен анықтау кезінде (ГОСТ 9339-60) отынның үлгісіне толуол қосып қыздырып, оның құрамындағы ылғалды толуолмен бірге айдаپ, содан кейін суды конденсациялап көлемін өлшейді. Бұл тәсілдер өте дәл нәтижелер береді, бірақ салыстырмалы қарағанда күрделі болып саналады.

Қоңыр және тас көмірлердің, антрациттердің және жанғыш сланецтердің ылғалдылығын анықтау үшін жанама тәсіл қолданылады (ГОСТ 6379-59). Бұл тәсіл кептіру отынды шкафында 105-110°C-де тұрақты салмаққа дейін кептіруге негізделген. Кептіру нәтижесінде отынның жоғалған салмағы ылғалдылық болып есептеледі.

Ілғалдылықты анықтау үшін алдын-ала салмағы таразыда тартылған биіктігі 20-30 мм, диаметрі 35-40 мм болатын шыны ыдысқа отынның 1-2 грамын салып 0,01г дәлдікпен аналитикалық таразыда өлшейді. Отынның бөлшектерінің өлшемдері 0,21 мм-ден және ыдыстагы отынның қабатының қалындығы 5 мм-ден аспауы керек. Отынның бөлшектерін жеңіл сілкіп тегістейді де, алдын-ала 105-110°C-ге дейін қыздырылған кептіру шкафында кептіреді. Кептіру кезінде ыдыстың қақпағы жартылай ашық болуы керек. Кептіру уақыты қоңыр көмірлер үшін 90 мин; антрациттер үшін-120 мин; ал қалған отын түрлері үшін - 50-60 мин. Көрсетілгсін уақыт өткеннен соң отын

OÝTÝSTIK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Фармацевтикалық және токсикологиялық химия кафедрасы	044 -55/ 84 беттің 59 беті
«Жалпы химиялық технология» пәні бойынша зертханалық сабакқа арналған әдістемелік нұсқау	

салынған ыдысты шкафтан алып, қақпағын толық жауып, алдымен аудада 2-3 мин., содан соң эксикаторда бөлме температурасына дейін сұтып, салмағын өлшейді.

Бақылау кептіруді 105-110⁰C-де 30 мин аралығында жүргізеді. Егер салмақтың жоғалуы 0,01 граммнан көп болса, онда кептіруді салмақтың азауы 0,01г-нан аз болғанға дейін немесе көмірдің тотығуының нәтижесінде салмақтың көбеюі басталғанға дейін қайталайды. Көмірдің салмағы көбейген жағдайда есептеу үшін оның алдындағы салмақтың мәнін алады.

Зерттелетін отынның ылғалдылығын келесі формула бойынша есептейді:

$$W^a = \frac{\Delta G_1}{G} \cdot 100, \% \quad (1)$$

мұндағы: ΔG_1 – кептіруден кейінгі отынның жоғалған салмағы, г;
 G – отынның бастапқы салмағы, г.

Екі параллель анықтаулардың арасындағы айырмашылық 0,3%-дан аспауы керек. Талдау нәтижелерін есептеу 0,01% дәлдікпен жүргізіледі.

Отынның күлділігін анықтау әдістемесі

Қатты отынның күлділігін анықтау үшін (ГОСТ 6382-52) антрациттер, қоңыр және тас көмірлер 800±25⁰C-де, ал сланецтер 850±25⁰C-те тұрақты салмаққа дейін қыздырылады. Сланецтерді талдағанда жоғарғы температуралың қолданылуы олардың минералдық бөлігіндегі карбонаттарды ыдыратуға жоғары температуралың қажеттілігімен түсіндіріледі.

Аналитикалық таразыда алдын-ала салмағы өлшенген фарфор тигельге немесе тікбұрышты қайықшаға 1±0,1г отынның үлгісін салып, салмағын өлшеп, оны 250-300⁰C-ге дейін қыздырылған муфель пешіне салады. Содан соң пештің температурасын 1-1,5 сағ аралығында 850±25⁰C-ге дейін көтереді. Түзілген күлді қалдықты осы температурада 1-2 сағат аралығында қыздырады. Содан кейін тигель немесе қайықшаны муфель пешінен алып, алдымен аудада 5 минут, содан кейін эксикаторда бөлме температурасына дейін сұтыады. Сұтылған тигельді немесе қайықшаның салмағын аналитикалық таразыда 0,002 г дәлдікпен салмағын өлшейді.

Сенімді нәтижелер алу үшін күлді қалдықтарды соңғы екі өлшенген салмақтардың айырмашылығы 0,001 г-нан аз болғанға дейін әр 30 минут сайын қыздырып отырады. Егер салмақ көбейсе, онда есептеу үшін оның алдындағы салмақтың мәнін аламыз.

Отынның күлділігін мына формуланың көмегімен есептейді:

ОҢТҮСТИК QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Фармацевтикалық және токсикологиялық химия кафедрасы	044 -55/ 84 беттің 60 беті
«Жалпы химиялық технология» пәні бойынша зертханалық сабакқа арналған әдістемелік нұсқау	

$$A^a = \frac{G_1}{G} \cdot 100 \quad , \% \quad (2)$$

Мұндағы: G_1 - күлді қалдықтың салмағы, г;
 G - отынның бастапқы салмағы, г.

Отынның күлділігін абсолют-құғақ отынға (A^{ab}) қайта есептеу үшін төменде берілген формула қолданылады:

$$A^{ab} = A^a \cdot \frac{100}{100 - W^a} \quad , \% \quad (3)$$

Мұндағы: W^a – зерттелетін отындағы ылғалдылықтың құрамы, %.

Екі параллель анықтаудың арасындағы айырмашылықтар: күлділігі 12%-дан аз отындар үшін – 0,2%; күлділігі 12%-ға дейін отындар үшін – 0,3%; ал күлділігі 25%-дан көп отындар үшін – 0,5%.

Отынның құрамындағы ұшпа заттарды анықтау әдістемесі

ГОСТ 6382-65 сәйкесті көмірдегі және оларды өндөу қалдықтарындағы ұшпа заттардың шығымын анықтау үшін отынның үлгісін $850\pm25^{\circ}\text{C}$ -де 7 минут аралығында қыздырып, жоғалған салмақты анықтауға негізделген. Ұлғалдылығы (W^a) белгілі отынның 1 грамын биіктігі 40 мм, диаметрі 30 мм алдын-ала салмағы өлшенген фарфор тигелге салып, аналитикалық таразыда $\pm 0,0001\text{g}$ дәлдікпен салмағын өлшейміз. Тигель электр пешінің түбінен 10-20 мм биіктікте тұратындағы етіп қойылады. Ол үшін ыстыққа төзімді тіреуішті пайдаланады немесе тигельді пештің төбесіне орналастырылған отқа төзімді сымнан жасалған сақинаға іліп қояды.

Пешті алдын-ала $850\pm25^{\circ}\text{C}$ -ге дейін қыздырады. Температураның ауытқуы пешті қыздырудың соңғы 4 минутында $\pm 25^{\circ}\text{C}$ -ден аспауы керек. Тигельді пешке салар алдында оның ішіндегі ұшпа заттардың шығуына кедергі келтірмейтін қақпақпен жабады.

Ұшпа заттардың пештен шығуы пештің есігіндегі тесік арқылы жүзеге асырылады. Температураны өлшеу үшін терможұпты пайдаланады. Терможұптың ыстық жағы пештің түбінен 10-20 мм биіктікте тұруы керек. Тигельді 7 минут қыздырғаннан соң пештен алып, 5 минут ауада, содан соң эксикаторда бөлме температурасына дейін сұтышып, аналитикалық таразыда салмағын өлшейді. Зерттелетін отындағы ұшпа заттардың құрамын келесі формуланың көмегімен есептейді:

OÝTÜSTIK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Фармацевтикалық және токсикологиялық химия кафедрасы	044 -55/ 84 беттің 61 беті
«Жалпы химиялық технология» пәні бойынша зертханалық сабакқа арналған әдістемелік нұсқау	

$$V^a = \frac{\Delta G_2 \cdot 100}{G} - W^a, \% \quad (4)$$

Мұндағы: ΔG_2 – қыздырудан кейінгі отынның жоғалған салмағы, г;
 G – отынның бастанқы салмағы, г.

W^a – зерттелетін отындағы ылғалдылықтың құрамы, %.

Ұшпа заттардың отынның шартты жанғыш бөлігіне шаққандағы шығымы мына формуламен анықталады:

$$V^r = V^a - \frac{100}{100 - W^a - A^a}, \% \quad (5)$$

Мұндағы: A^a - зерттелетін отынның құлділігі, %.

ҚАУПСІЗДІК ТЕХНИКАСЫ

1. Кептіру шкафы мен муфель пешінің дұрыс қосылуын тексеру керек.
2. Ыстық тигельдерді немесе қайықшаларды тек қана қысқышпен ұстау керек.
3. Ток келетін өткізгіш үзілсе немесе оның бір фазасы жұмыстан шықса, онда барлық электр қондырғыларды тез арада өшіру керек.
4. Егерде өткізгіштердің немесе қондырғылардың біреуі жанатындей болса, онда оларды тез арада ток көзінен ажырату керек және оларды құрғақ көмірқышқылды от сөндіргіштің немесе асбесті жапқыштың қомегімен өшіру керек.
5. Адам электр тогымен зақымдалған жағдайда тез арада ток көзінің тұтқасын өшіру керек. Егер адам есінен танып қалса, жасанды демалдыру жасап, дәрігерді шақыру керек.
6. Жұмыс аяқталған соң электрқондырғыларын ток көзінен ажырату керек және жұмыс орнын тазалап, лаборантқа тапсыру керек.

6. Әдебиеттер негізгі:

қазақ тілінде

1. Химиялық технология негіздері: оқулық/ Й. Қ. Тойбаев [ж. б.]; ҚР БФМ. - Алматы: ЖШС РПБК "Дәуір", 2011.-296 бет.- (ҚР Жоғары оқу орындарының қауымдастыры).
2. Химия өндірісінің негізгі процестері мен аппараттары: Зертханалық практикум: оқу құралы / Ш. Ш. Нұрсейітов. - Алматы: Эверо, 2014. - 140 бет. с.

<p>OÝTÜSTIK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY</p> <p>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</p>	 <p>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</p>
<p>Фармацевтикалық және токсикологиялық химия кафедрасы</p>	<p>044 -55/ 84 беттің 62 беті</p>
<p>«Жалпы химиялық технология» пәні бойынша зертханалық сабакқа арналған әдістемелік нұсқау</p>	

3. Seitmagzimova, G. M. General chemical technology: textbook / G. M. Seitmagzimova. - Almaty: Association of higher educational institutions of Kazakhstan, 2016. - 292 p.

орыс тілінде

1. Жакирова, Н. К. Основы фармацевтической биотехнологии: учеб. пособие / Н. К. Жакирова, Н. К. Байзолданов, З. Б. Сакипова. - Алматы : Изд-во КазНМУ, 2008. - 256 с.
2. Жакирова, Н. К. Общая химическая технология: учеб. пособие / Н.К. Жакирова; Рек. Учеб.-методич. Советом ун-та им. С. Д. Асфендиярова. - Алматы : Эверо, 2013. - 119 с.

электронды басылымдар:

1.Усманова, М. Б. Жалпы химия [Электронный ресурс] : оқу құралы / М. Б. Усманова. - Электрон. текстовые дан. (19,1 МБ). - Өскемен: "Мультимедия зертханаасы", 2007. - эл. опт. диск (CD-ROM).

КАО электронды ресурстар

- Электронная библиотека ЮКМА - <https://e-lib.skma.edu.kz/genres>
- Республикаанская межвузовская электронная библиотека (РМЭБ) – <http://rmabr.kz/>
- Цифровая библиотека «Aknurpress» - <https://www.aknurpress.kz/>
- Электронная библиотека «Эпиграф» - <http://www.elib.kz/>
- Эпиграф - портал мультимедийных учебников <https://mbook.kz/ru/index/>
- ЭБС IPR SMART <https://www.iprbookshop.ru/auth>
- информационно-правовая система «Зан» - <https://zan.kz/ru>
- Cochrane Library - <https://www.cochranelibrary.com/>

қосымша:

1. Ергожин, Е. Е. Ордена Трудового Красного Знамени Институт химических наук им. А. Б. Бектурова в 1988-2003 гг.- открытия, внедрения, достижения и награды: науч. изд. / Е. Е. Ергожин. - Алматы : ТОО "Print-S", 2004. - 95 с.
2. Товажнянский Л., Кошелева М., Бухкало С. Общая химическая технология в примерах, задачах, лабораторных работах и тестах. Учебное пособие. Изд.: Инфра-М, 2015г-447с.
3. Айнштейн В. Г., Захаров М. К., Носов Г. А. и др. Процессы и аппараты химической технологии. Общий курс. Книга 1. Изд.: Лань Спб, 2018 г- 916с.
4. Айнштейн В. Г., Захаров М. К., Носов Г. А. и др. Процессы и аппараты химической технологии. Общий курс. Книга 2. Изд.: Лань Спб, 2018 г- 876с.
5. Сутягин В., Ляпков А. Общая химическая технология полимеров. Изд.: Лань Спб, 2018г- 208с.

7. Әдістемелік қамтамасыз етілуі:

Дәріске сілтеме:

<p>ОҢТҮСТИК QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY</p> <p>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</p>	 <p>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</p>
<p>Фармацевтикалық және токсикологиялық химия кафедрасы</p>	<p>044 -55/ 84 беттің 63 беті</p>
<p>«Жалпы химиялық технология» пәні бойынша зертханалық сабакқа арналған әдістемелік нұсқау</p>	

https://docs.google.com/document/d/10kK_8aAAZDBpShqoVwKBuwRAd9UydZkN/edit?usp=sharing&ouid=103428168790945926723&rtpof=true&sd=true

8. БАҚЫЛАУ СҰРАҚТАРЫ

1. Отын-энергетикалық ресурстарын жіктеу.
2. Қатты отынның сипаттамасы мен химиялық құрамы.
3. Ілғалдылық және оны анықтау әдістемелері.
4. Күлділік және оны анықтау әдістемелері.
5. Ұшпа заттар және оның шығуы анықтау әдістемелері.
6. Қатты отынды өндіру әдістері.
7. Тас көмірді кокстеу процесі. Кокстеу өнімдері.
8. Кокстеу пештерінің құрылышы және жұмысы.

Тақырып №14-15

1. Тақырыбы: Фенол мен формальдегидтің поликонденсациясы.

2. Мақсаты:

Фенол мен формальдегидті поликонденсациялау арқылы новолачкалы немесе резольды шайырларды (оқытушының тапсырмасы бойынша) алу процесінің зертханалық әдістерімен танысу.

3. Оқыту міндеттері:

- Химиялық технология, типтік химиялық процестер және аппаратуралар базаланатын теориялық негіздер және әр түрлі шикізат түріне және оларды қайта өндіру әдістеріне, технологиялық операцияларға оптимизациялау жолдарына сипаттамалар беру;
- Экономикалық көрсеткіштер ретінде де технологияның экологиялық тазалығы ретінде қамтамасыз ететін өндірістік жағдайларда процестің бағыт таңдауға базаланып фармацевтикалық препараттарға шикізатты қайта өндірудің рационалдық жолдарын анықтай білу;
- Зертханалық зерттеулерді, тапсырмаларды шешеу және технологиялық есептемелерді орындауды жүргізгенде аппаратураны таңдауда және қондырғыны монтаждауда тәжрибелік білімдерге ие болу.
- Білім алушыларды карбон қышқылдарына синтез жүргізу үрдісін үйрету.

4. Тақырыптың негізгі сұрақтары:

1. ЖМК синтезі, оларды алушың негізгі әдістері.
2. Полимеризация, сополимеризация және поликонденсация реакцияларының айырмашылғы неде?

ОҢТҮСТИК QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Фармацевтикалық және токсикологиялық химия кафедрасы	044 -55/ 84 беттің 64 беті
«Жалпы химиялық технология» пәні бойынша зертханалық сабакқа арналған әдістемелік нұсқау	

3. Новолачкалы шайырдың физикалық және физика-химиялық қасиеттері.
4. Резольды шайырдың физикалық және физика-химиялық қасиеттері.
5. Қоспалардың өндірілетін шайырдың қасиеттеріне әсері.
6. Новолачкалы шайыр алу процесінің тиімді технологиялық ережесі.
7. Резольды шайыр алу процесінің тиімді технологиялық ережесі.
8. Берілген қатынастағы реагенттердің (фенолдың, формальдегидтің, катализатордың) мөлшерлері қалай анықталады.

5. Пәннің соңғы ОН қол жеткізу үшін оқытуудың негізгі формалары/ әдістері/ технологиялары: Дәстүрлі (бастапқы білімін бақылау, лабораториялық жұмыс, талдау хаттамаларын жазу және қорғау)

6. Пәнді ОН қол жеткізу деңгейін бағалауға арналғанбақылау түрлері (тестілеу, ситуациялық есептерді шешу және т.б.)

Оқу обьектісі:

Полимер

Зертханалық сабақты өткізуге 150 минут бөлінеді, ол төмендегідей үлестіріледі:

№	Сабақ кезеңдері	Уақыты (мин.)
1	зертханалық сабак тақырыбы бойынша білім алушылардың бастапқы білім деңгейін анықтау	5
2	білім алушылардың зертханалық жұмыстарды орындауы	110
3	хаттама жазу және хаттама бойынша жұмысты қорғау	15
4	зертханалық сабак тақырыбы бойынша білім алушылардың жалпы білімін бағалау	15
5	сабақты қорытындылау (баға қою)	5

Сабақтың мазмұны:

ТЕОРИЯЛЫҚ МАҒЛУМATTАР

Целлюлозаның, пластмассалардың, каучуктердің, резенкелердің, желімдердердің, қабықшалардың және т.б. табиғи және жасанды жоғарғы молекулалық (ЖМК) органикалық қосылыстардың халық шаруашылығындағы маңызы өте зор. ЖМК негізінде алынған материалдар қатты және жұмсақ, жарық өткізетін және өткізбейтін, тығыздығы төмен бола


<p>OÝTÝSTIK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY</p> <p>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</p>	 <p>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</p>
<p>Фармацевтикалық және токсикологиялық химия кафедрасы</p>	<p>044 -55/ 84 беттің 65 беті</p>
<p>«Жалпы химиялық технология» пәні бойынша зертханалық сабакқа арналған әдістемелік нұсқау</p>	

тұрып беріктігі жоғары, дыбыс өткізбейтін және химиялық тұрақты болуы мүмкін.

ЖМК-полимерлер органикалық қосылыштардың ерекше класын болып саналады. Олар көп бастапқы мономер молекулаларының химиялық әрекеттесуі нәтижесінде пайда болған үлкен молекулалардан (макромолекулалардан) тұрады.

Алу әдістеріне байланысты ЖМК полимеризациялық және поликонденсациялық деп екіге бөлінеді.

Полимеризация реакциясы дегеніміз мономер молекулаларының үлкен полимер молекуласына бірігу процесі. Полимердің құрамы бастапқы мономерлердің құрамына тең, яғни құрамы өзгермейді.



Мұндағы: R-орынбасар.

Реакция кезінде тәменгі молекулалы жанама өнімдер бөлінбейд, реакция қайтымсыз және жылу бөліп жүреді.

Сополимеризация дегеніміз химиялық құрамы әртүрлі екі немесе бірнеше мономерлердің біріккен полимеризациясы.

Сополимеризация процесі көптеген жағдайда полимеризацияға ұқсас, бірақ келесідей ерекшеліктері бар:

- 1) сополимеризация процесі құрылышы ұқсас мономерлер арасында жақсы жүреді;
- 2) бір қатар мономерлер полимерлер түзе алмайды, бірақ құрамы басқа мономерлермен жеңіл сополимеризацияланады.

Поликонденсация реакциясы дегеніміз мономерлердің бір-бірімен әрекеттесуі нәтижесінде ЖМК тұзу процесі. Реакция кезінде полимермен қатар тәмен молекулалы жанама өнімдер (су, аммиак, көмірқышқыл газы, спирт және т.б.) пайда болады. Бұл поликонденсация процесінің қайтымды екенін көрсетеді. Бастапқы мономерлер құрамына және реакцияны жүргізу тәсіліне байланысты, реакция қайтымды да, қайтымсыз да болуы мүмкін. Қайтымсыз поликонденсация жоғары жылдамдықпен жүреді, ал қайтымды поликонденсация жәй жүреді. Поликонденсация процесінде көп мөлшерде жылу бөлінетіндіктен (яғни экзотермиялық процесс), тепе-тендік жағдайда тәмен температурада соңғы өнімнің молекулалық салмағы жоғары болады. Сондықтан процестің жылдамдығын арттыру үшін ең алдымен поликонденсацияны жоғары температурада жүргізеді. Содан кейін тепе-тендікке жақындаған сайын температураны тәмендетеуді.

Фенол-формальдегидті шайырлары поликонденсациялық смолаларга жатады. Фенол-формальдегидті шайырларды алу процесінің тепе-тендік тұрақтысы $K_t=10000$ болады. Осылан орай тепе-тендік дайын өнімнің

ОҢТҮСТИК QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Фармацевтикалық және токсикологиялық химия кафедрасы	044 -55/ 84 беттің 66 беті
«Жалпы химиялық технология» пәні бойынша зертханалық сабакқа арналған әдістемелік нұсқау	


бағытына қарай ығысқан, яғни жанама өнім ретінде бөлінетін су поликонденсация процесінің кинетикасына әсер етпейді.

Поликонденсация процесінің жылдамдығы мен бағыты, сонымен қатар алынатын қосылыстардың құрамы мен қасиеттері әрекеттесуші заттардың қатынасы мен қасиеттеріне, функционал топтарының санына, әсерлесетін заттардың әрекеттесу бетіне (араластыруға), температураға, түзілген төмен молекулалы жанама өнімдерді реакция аймағынан шығару жиілігіне (тепе-тендік жылжыту үшін) және катализатордың қасиеттеріне байланысты болады. Катализатордың мөлшері мен қасиеттеріне және бастапқы реагенттердің қатынасына байланысты термопластикалық (термобалқығыш) және термореактивтік (термоқатты) смолалар алынады.


Термопластикалық смолалардың құрылышы сзықты болады, олар қыздырғанда балқиды, ал салқындақанда қатады, және де белгілі бір еріткіштерде ериді.

Термореактивті шайырлардың құрылышы торлы жазық немесе кеңістікті болады, сонымен қатар оларды қыздырғанда немесе ұзак уақыт сақтағанда олар балқымайды және ерімейді.

Термопластикалық шайырларды кейде наволочкалы шайырлар деп те атайды. 7 моль фенолға 6 моль формальдегид қосып, катализатор ретінде минералды қышқылдарды пайдаланғанда (HC1 , H_3PO_4 , H_2SO_4) наволочкалы смола түзіледі:



Құрылышы сзықты шайырдың құрылымдық формуласы:



Мұндағы. $n=4+8$

Фенол мен формальдегидтің молярлық қатынасы неғұрлым аз болса, соғұрлым алынатын смоланың молекулалық салмағы көп болады. Поликонденсация уақыты ұзақ болса фенол мен формальдегид толық байланысады және дайын өнімнің орташа молекулалық салмағы

OÝTÝSTIK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Фармацевтикалық және токсикологиялық химия кафедрасы	044 -55/ 84 беттің 67 беті
«Жалпы химиялық технология» пәні бойынша зертханалық сабакқа арналған әдістемелік нұсқау	

жоғарылайды. Наволочкалы шайырлар пресс-ұнтақ, абразивті және т.б. материалдар алу үшін қолданылады.

Бастапқы қоспада формальдегидтің мөлшері артық болғанда (6 моль фенолға 7 және одан да көп моль формальдегид қосқанда) және катализатор ретінде сілтілерді (NH_4OH , NaOH , $\text{Ba}(\text{OH})_2$) немесе сілтілік металдарының тұздарын пайдаланғанда термогениттік немесе резольді шайырларды алуға болады.

Қату дәрежесіне байланысты резольді шайырлар үш күйге бөлінеді:

- а) резол (бакелит А)** -жоғарғы молекулалы өнімдердің қоспасы, қыздырғанда және спиртпен немесе ацетонмен әрекеттескенде ериді, сзықты құрылымға ие. Бұл саты $70\text{-}75^\circ\text{C}$ -де жүреді.
- ә) Резол** 90°C -ге дейін қыздырғанда немесе ұзак уақыт сақтағанда **резитолға (бакелит В)** айналады. Тармақталған құрылымға ие, жартылай спиртте немесе ацетонда ериді, соның әсерінен ісінеді. Қыздырғанда балқымайды, жұмсарап созылмалы күйге өтеді.
- б) резит (бакелит С)** - поликонденсацияның соңғы сатысы, дайын өнімді өндірген кезде жүреді. Қыздырған кезде резит жұмсармайды және еріткіштерде ісінбейді. Бұл қату процесінің негізі көлденең байланыстардың ұзын сзықты тізбектермен байланысуына байланысты болады.

Резолдың резитолға өтуіне байланысты резолды шайырларды өндіру наволочкалы шайырларды өндіруге қарағанда қынға соғады. Сондықтан әрбір шайыр белгілі бір уақытта поликонденсацияланады.

ҚОНДЫРҒЫНЫҢ СИПАТТАМАСЫ ЖӘНЕ ЖҰМЫСТЫ ОРЫНДАУ ӘДІСТЕМЕСІ

Қондырғылар, техникалық және аспаптық құралдар:

1. Смола алуға арналған қондырғы.
2. Химиялық ыдыстар.
3. ВЛТЭ-150 зертханалық таразысы.
4. Электрлік плитка.

Қондырғының сипаттамасы

Смола алуға арналған қондырғы 1 суретте көрсетілген. Ол су моншасына (2) орналастырылған және штативке бекітілген үш мойынды колбадан (1) тұрады. Колбаның ортаңғы мойнына ішкі қуысында араластырғышы (3) бар кері мұздатқыш (5) қосылған. Араластырғыш (3) электрлік қозғалтқыштың (4) көмегін іске қосылады. Температура термометрдің (6) көмегімен реттеледі. Су моншасын қыздыру үшін электрлік плиткасы қолданылады.

<p>ОҢТҮСТИК QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY</p> <p>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</p>	 <p>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</p>
<p>Фармацевтикалық және токсикологиялық химия кафедрасы</p>	<p>044 -55/ 84 беттің 68 беті</p>
<p>«Жалпы химиялық технология» пәні бойынша зертханалық сабакка арналған әдістемелік нұсқау</p>	

Наволочкалы шайырды алу әдістемесі

Тәжірибелерде кристалды фенол мен формальдегидтің сулы ерітіндісі (формалин) қолданылады.

(1,12-1,42):1 молярлық қатынаста алынған фенол мен формалинді бөлме температурасында колбада араластырады. Фенол толық ерігеннен кейін колбаға катализатор (HCl , H_2SO_4) қосып, су моншасына орналастырып $90-100^{\circ}\text{C}$ -ге дейін қыздырады.

Реагенттердің шығынын 10-50г фенолға есептейді. Реакцияны су қабатының көлем тұрақты болғанға дейін жүргізеді. Реакцияның аяқталуын байқау үшін колбаның бүйір мойнынан қоспаны алыш, оны салқындатады. Реакцияның соңын тұрақты ылай лайдада болғанынан көреді. Ол үшін 3-5мл қоспаны алыш, фарфор ыдысқа құяды. Кейін ыдысты қыздырып, қоспаның құрамындағы суды буландырып, смола қата ма қатпай ма, соны бақылайды. Егер смола қатпаса қайнатуды жалғастыра береді.

Фенолдың формальдегидпен әрекеттесу реакциясының жүру қарқындылығын бақылау керек. Қалыпты жағдайда қоспаны $90-95^{\circ}\text{C}$ -ге дейін қыздырады. Егер қоспа қатты қайнап кетсе (қыздырганнан 20-40 минуттан кейін), онда қыздыруды тез арада тоқтатып, моншадан колбаны алыш қояды. Біршама уақыт аралығында реакция қыздырусыз өз бетімен жүреді (конденсация реакциясының жылуының әсерінен). Реакция тоқтаған кейін колбаны қайтадан қайнап түрған су моншасына орналастырып, қоспа тұрақты екі қабатқа бөлінгенде реакцияны жалғастырады. Фенолдың формальдегидпен әрекеттесу реакциясы аяқталған соң, қыздыруды тез арада тоқтатып, су қабатын тұндырады. Содан кейін қоспаның бетіндегі суды төгіп тастап, бірінші су моншасында, кейін құм моншасында кептіреді. Кептіруді шыны таяқшаның көмегімен $130-160^{\circ}\text{C}$ -де жүргізу қажет. Таяқшаға қатып калған тамшылар онай майдаланатын болған жағдайда кептіруді тоқтатады. Содан кейін алынған шайырдың салмағын аналитикалық таразыда өлшейді. Шайырдың шығымын алынған бастапқы реагенттердің салмақтарына қатысты есептейді.

Резольды шайырды алу әдістемесі


Резолдық шайырлар наволочкалы шайырлардан термореактивтілігімен, яғни 120°C температурадан жоғары қыздырганда балқымайтын, ерімейтін күйлермен ерекшелінеді. Фенол мен формалин қоспасын және катализатор ретінде NH_4OH негізін пайдаланып, қоспаны $90-95^{\circ}\text{C}$ -ге дейін қыздырып резол смолаларын алуға болады.

OÝTÜSTIK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Фармацевтикалық және токсикологиялық химия кафедрасы	044 -55/ 84 беттің 69 беті
«Жалпы химиялық технология» пәні бойынша зертханалық сабакқа арналған әдістемелік нұсқау	

Синтезді жүргізу үшін 100г фенолдан, 100г 37%-ды формалиннен және 6г 25%-ды аммоний гидроксидінің ерітіндісінен тұратын қоспаны сыйымдылығы 500мл дөңгелек табанды колбаға құяды (1 моль фенолға: 1,16 моль формалин және фенол салмағынан 1,5% NH₃). Колбаны кері мұздатқышпен байланыстырып (араластырғыш қосулы болуы қажет), 95°C-ге дейін, яғни қайнауға дейін қыздырады. Қоспаны 10-15мин аралығында қыздырады. Реакцияның аяқталғанын білу үшін реакциялық қоспанының 2-3мл пипетканың көмегімен пробиркаға құйып алады. Пробирканы сілкіп қоспаның температурасын 10°C-ге төмендетіп, лайлануын байқайды. Егер күшті лайлану білінсе реакцияның аяқталғаны. Егер лай пайда болмаса, қыздыруды тағы да 10-15минут жалғастырып, тағы да лайлылығын тексереді. Осылайша әр 10-15мин сайдын қайталайды. Ақыры, лай пайда болған соң тағы 10минут қыздырады. Процесс аяқталғаннан соң қыздыруды тоқтатып, қыздырғыш пен араластырғышты өшіріп, мұздатқышты алып, колбаның ішіндегі қоспаны фарфор ыдысқа (алдын-ала салмағы өлшенген) құйып алады.

Шайырды салқындастып, оның бетіндегі суды төгіп тастайды. Кейін шайырды бірнеше қайтара сумен жуып, оның салмағын анықтайды. Алынған шайырдың түсі ашық сарыдан қоңыр түске дейін болады. Температураның шектен тыс жоғарылату шайырдың қатты балқымайтыи күйге өтуі алып келуі мүмкін.

Содан кейін білім алушы негізгі реакцияның теңдеуі бойынша 10 грамм формальдегидке жұмсалатын фенолдың салмақтық шығынын есептеп, сәйкес ұяшыққа енгізеді. Содан кейін катализатор шығынын есептеп, үрдіске енгізеді.



ОҢТҮСТИК QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Фармацевтикалық және токсикологиялық химия кафедрасы	044 -55/ 84 беттің 70 беті
«Жалпы химиялық технология» пәні бойынша зертханалық сабакқа арналған әдістемелік нұсқау	

1-сурет. Зертханалық қондырғының үлгісі.

1-Үшмойынды колба; 2 - монша; 3 - араластырғыш; 4 - қозғалтқыш;
5 - кері мұздатқыш; 6 - термометр; 7 - тығын;

Мәліметтерді жазып алу керек.

ҚАУПСІЗДІК ТЕХНИКАСЫ

- Білім алушылар жұмысқа өрттен сақтандыру және жұмыс қауіпсіздігінің ережелерін білгенмен кейін жіберіледі.
- Зертханалық жұмысты арнайы киіммен жүргізу қажет.
- Жұмысты арнайы сорғыш шкафттарда орындау қажет, себебі бастапқы заттар мен реакциялық қоспа буынан адам уланып қалуы мүмкін.
- Зертханалық қондырғының дұрыс жиналуын тексеру керек.
- Қоспа қатты қайнап кеткен жағдайда тез арада қыздыруды өшіру керек.
- Колбаның ішіндегі қоспаны тек қана тамызғыш пен грушаның көмегімен алу керек.
- Смоладан суды буландыруды тек қана фарфор ьдыста, сорғыш шкафтың ішінде, құм моншасында жүргізілуі керек.

7. Әдебиеттер:

негізгі:

қазақ тілінде

- Химиялық технология негіздері: оқулық/ Й. Қ. Тойбаев [ж. б.]; КР БФМ. - Алматы: ЖШС РПБК "Дәүір", 2011.-296 бет.- (КР Жоғары оқу орындарының қауымдастыры).
- Химия өндірісінің негізгі процестері мен аппараттары: Зертханалық практикум: оқу құралы / Ш. Ш. Нұрсейітов. - Алматы: Эверо, 2014. - 140 бет. с.
- Seitmagzimova, G. M. General chemical technology: textbook / G. M. Seitmagzimova. - Almaty: Association of higher educational institutions of Kazakhstan, 2016. - 292 p.

орыс тілінде

- Жакирова, Н. К. Основы фармацевтической биотехнологии: учеб. пособие / Н. К. Жакирова, Н. К. Байзолданов, З. Б. Сакипова. - Алматы : Изд-во КазНМУ, 2008. - 256 с.
- Жакирова, Н. К. Общая химическая технология: учеб. пособие / Н. К. Жакирова. - ; Рек. Учеб.-методич. Советом ун-та им. С. Д. Асфендиярова. - Алматы : Эверо, 2013. - 119 с.

<p>ОҢТҮСТИК QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY</p> <p>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</p>	 <p>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</p>
<p>Фармацевтикалық және токсикологиялық химия кафедрасы</p>	<p>044 -55/ 84 беттің 71 беті</p>
<p>«Жалпы химиялық технология» пәні бойынша зертханалық сабакқа арналған әдістемелік нұсқау</p>	

электронды басылымдар:

1. Усманова, М. Б. Жалпы химия [Электронный ресурс] : оку құралы / М. Б. Усманова. - Электрон. текстовые дан. (19,1 МБ). - Өскемен: "Мультимедия зертханасы", 2007. - эл. опт. диск (CD-ROM).

КАО электронды ресурстар

- Электронная библиотека ЮКМА - <https://e-lib.skma.edu.kz/genres>
- Республикаанская межвузовская электронная библиотека (РМЭБ) – <http://rmebrk.kz/>
- Цифровая библиотека «Aknurpress» - <https://www.aknurpress.kz/>
- Электронная библиотека «Эпиграф» - <http://www.elib.kz/>
- Эпиграф - портал мультимедийных учебников <https://mbook.kz/ru/index/>
- ЭБС IPR SMART <https://www.iprbookshop.ru/auth>
- информационно-правовая система «Зан» - <https://zan.kz/ru>
- Cochrane Library - <https://www.cochranelibrary.com/>

қосымша:

1. Ергожин, Е. Е. Ордена Трудового Красного Знамени Институт химических наук им. А. Б. Бектурова в 1988-2003 гг.- открытия, внедрения, достижения и награды: науч. изд. / Е. Е. Ергожин. - Алматы : ТОО "Print-S", 2004. - 95 с.
2. Товажнянский Л., Кошелева М., Бухкало С. Общая химическая технология в примерах, задачах, лабораторных работах и тестах. Учебное пособие. Изд.: Инфра-М, 2015г-447с.
3. Айнштейн В. Г., Захаров М. К., Носов Г. А. и др. Процессы и аппараты химической технологии. Общий курс. Книга 1. Изд.: Лань Спб, 2018 г- 916с.
4. Айнштейн В. Г., Захаров М. К., Носов Г. А. и др. Процессы и аппараты химической технологии. Общий курс. Книга 2. Изд.: Лань Спб, 2018 г- 876с.
5. Сутягин В., Ляпков А. Общая химическая технология полимеров. Изд.: Лань Спб, 2018г- 208с.

7. Әдістемелік қамтамасыз етілуі:

Дәріске сілтеме:

https://docs.google.com/document/d/10kK_8aAAZDBpShqoVwKBuwRAd9UydZkN/edit?usp=sharing&ouid=103428168790945926723&rtpof=true&sd=true

8. БАҚЫЛАУ СҰРАҚТАРЫ

1. ЖМК алу әдістері:

- A) бейтараптандыру, ректификация
- B) ректификация, экстракция
- C) абсорбция, полимеризация
- D) полимеризация, поликонденсация
- E) сополимеризация, бейтараптандыру

ОҢТҮСТИК QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Фармацевтикалық және токсикологиялық химия кафедрасы	044 -55/ 84 беттің 72 беті
«Жалпы химиялық технология» пәні бойынша зертханалық сабакқа арналған әдістемелік нұсқау	

2. Наволочкалы смола өндірісіндегі фенол мен формальдегидтің қатынасы:

- A) 1,1-1,4
- B) 5,1-6,4
- C) 0,75-0,85
- D) 0,1-0,8
- E) 10-20

3. Наволочкалы смола өндірісінде қолданылатын катализатор:

- A) қышқыл катализатор
- B) сілтілі катализатор
- C) темір катализаторы
- D) платина катализаторы
- E) катализатор қолданылмайды

4. Наволочкалы смола алу процесіндегі фенол мен формальдегидтің қатынасы:

- A) фенолды формальдегидке қарағанда артықмөлшермен алады;
- B) фенол мен формальдегидтің қатынасы шексіз көп шама;
- C) формальдегидті фенолға қарағанда артық мөлшермен алады;
- D) формальдегид пен фенолды бірдей мөлшерде алады алады;
- E) фенол мен формальдегидтің қатынасы әсер етпейді;

5. Наволочкалы смола алушың температуралық ережесі:

- A) 80-90⁰C
- B) 20-30⁰C
- C) 800-900⁰C
- D) 250-350⁰C
- E) 150-200⁰C

6. Наволочкалы смола алу процесінде қолданылатын катализаторлар:

- A) минералды қышқылдар
- B) минералды тыңайтқыштар
- C) сілтілік катализаторлар
- D) катализаторлар қолданылмайды
- E) ванадий катализаторы

7. Резольды смола алу процесіндегі фенол мен формальдегидтің қатынасы:

- A) формальдегидті фенолға қарағанда артық мөлшермен алады
- B) фенолды формальдегидке қарағанда артықмөлшермен алады
- C) формальдегид пен фенолды бірдей мөлшерде алады алады

OÝTÜSTIK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Фармацевтикалық және токсикологиялық химия кафедрасы	044 -55/ 84 беттің 73 беті
«Жалпы химиялық технология» пәні бойынша зертханалық сабакқа арналған әдістемелік нұсқау	

- D) фенол мен формальдегидтің қатынасы әсер етпейді
E) фенол мен формальдегидтің қатынасы шексіз көп шама

8. Резольды смола алуудың алуудың температуралық ережесі:

- A) 80-90⁰C
B) 20-30⁰C
C) 800-900⁰C
D) 250-350⁰C
E) 150-200⁰C

9. Резольды смола алу процесінде қолданылатын катализаторлар:

- A) сілтілік катализаторлар
B) минералды қышқылдар
C) минералды тыңайтқыштар
D) катализаторлар қолданылмайды
E) ванадий катализаторы

10. Жасанды химиялық талшықтарда:

- A) талшықтың полимерлік табиғаты сақталады
B) талшықтың полиэфирлік табиғаты сақталады
C) полимерлердің құрамы мен түрі өзгереді
D) талшықтың құрамы мен түрі өзгереді
E) талшықтың құрамында өзгерістер болмайды

Тақырып №14-15

1. Тақырыбы: Фенол мен формальдегидтің поликонденсациясы.

2. Жұмыстың мақсаты:

Фенол мен формальдегидті поликонденсациялау арқылы новолачкалы немесе резольды шайырларды (оқытушының тапсырмасы бойынша) алу процесінің зертханалық әдістерімен танысу.

3. Оқыту міндеті:

- Химиялық технология, типтік химиялық процестер және аппаратуралар базаланатын теориялық негіздер және әр түрлі шикізат түріне және оларды қайта өндіру әдістеріне, технологиялық операцияларға оптимизациялау жолдарына сипаттамалар беру;

ОҢТҮСТИК QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Фармацевтикалық және токсикологиялық химия кафедрасы	044 -55/ 84 беттің 74 беті
«Жалпы химиялық технология» пәні бойынша зертханалық сабакқа арналған әдістемелік нұсқау	

- Экономикалық көрсеткіштер ретінде де технологияның экологиялық тазалығы ретінде қамтамасыз ететін өндірістік жағдайларда процестің бағыт таңдауға базаланып фармацевтикалық препараттарға шикізатты қайта өндеудің рационалдық жолдарын анықтай білу;
- Зертханалық зерттеулерді, тапсырмаларды шешеу және технологиялық есептемелерді орындауды жүргізгенде аппаратураны таңдауда және қондырығыны монтаждауда тәжрибелік білімдерге ие болу.
- Білім алушыларды карбон қышқылдарына синтез жүргізу үрдісін үйрету.

4. Тақырыптың негізгі сұрақтары:

9. ЖМК синтезі, оларды алудың негізгі әдістері.
10. Полимеризация, сополимеризация және поликонденсация реакцияларының айырмашылғы неде?
11. Новолачкалы шайырдың физикалық және физика-химиялық касиеттері.
12. Резольды шайырдың физикалық және физика-химиялық касиеттері.
13. Қоспалардың өндірілетін шайырдың қасиеттеріне әсері.
14. Новолачкалы шайыр алу процесінің тиімді технологиялық ережесі.
15. Резольды шайыр алу процесінің тиімді технологиялық ережесі.
16. Берілген қатынастағы реагенттердің (фенолдың, формальдегидтің, катализатордың) мөлшерлері қалай анықталады.

5. Пәннің соңғы ОН қол жеткізу үшін оқытудың негізгі формалары/ әдістері/ технологиялары: Дәстүрлі (бастапқы білімін бақылау, лабораториялық жұмыс, талдау хаттамаларын жазу және қорғау)

6. Пәнді ОН қол жеткізу деңгейін бағалауға арналғанбақылау түрлері (тестілеу, ситуациялық есептерді шешу және т.б.)

Оқу обьектісі:

Полимер

Зертханалық сабакты өткізуге 150 минут бөлінеді, ол төмендегідей үлестіріледі:

№	Сабак кезендері	Уақыты (мин.)
1	зертханалық сабак тақырыбы бойынша білім алушылардың бастапқы білім деңгейін анықтау	5
2	білім алушылардың зертханалық жұмыстарды орындауы	110
3	хаттама жазу және хаттама бойынша жұмысты қорғау	15

<p>OÝTÝSTIK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY</p> <p>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</p>	 <p>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY</p> <p>АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</p>
<p>Фармацевтикалық және токсикологиялық химия кафедрасы</p>	<p>044 -55/ 84 беттің 75 беті</p>
<p>«Жалпы химиялық технология» пәні бойынша зертханалық сабакқа арналған әдістемелік нұсқау</p>	

4	зертханалық сабак тақырыбы бойынша білім	15
5	сабакты қорытындылау (бага қою)	5

Сабактың мазмұны:


ТЕОРИЯЛЫҚ МАҒЛҰМATTАР

Целлюлозаның, пластмассалардың, каучуктердің, резенкелердің, желімдердердің, қабықшалардың және т.б. табиғи және жасанды жоғарғы молекулалық (ЖМК) органикалық қосылыстардың халық шаруашылығындағы маңызы өте зор. ЖМК негізінде алынған материалдар қатты және жұмсақ, жарық өткізетін және өткізбейтін, тығыздығы төмен бола түрүп беріктігі жоғары, дыбыс өткізбейтін және химиялық тұрақты болуы мүмкін.

ЖМК-полимерлер органикалық қосылыстардың ерекше класын болып саналады. Олар көп бастапқы мономер молекулаларының химиялық әрекеттесуі нәтижесінде пайда болған үлкен молекулалардан (макромолекулалардан) турады.

Алу әдістеріне байланысты ЖМК полимеризациялық және поликонденсациялық деп екіге бөлінеді.

Полимеризация реакциясы дегеніміз мономер молекулаларының үлкен полимер молекуласына бірігу процесі. Полимердің құрамы бастапқы мономерлердің құрамына тең, яғни құрамы өзгермейді.



Мұндағы: R-орынбасар.

Реакция кезінде төменгі молекулалы жанама өнімдер бөлінбейд, реакция қайтымсыз және жылу бөліп жүреді.

Сополимеризация дегеніміз химиялық құрамы әртүрлі екі немесе бірнеше мономерлердің біріккен полимеризациясы.

Сополимеризация процесі көптеген жағдайда полимеризацияға ұқсас, бірақ келесідей ерекшеліктері бар:

1) сополимеризация процесі құрылышы ұқсас мономерлер арасында жақсы жүреді;

2) бір қатар мономерлер полимерлер түзе алмайды, бірақ құрамы басқа мономерлермен жеңіл сополимеризацияланады.

Поликонденсация реакциясы дегеніміз мономерлердің бір-бірімен әрекеттесуі нәтижесінде ЖМК түзу процесі. Реакция кезінде полимермен

ОҢТҮСТИК QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Фармацевтикалық және токсикологиялық химия кафедрасы	044 -55/ 84 беттің 76 беті
«Жалпы химиялық технология» пәні бойынша зертханалық сабакқа арналған әдістемелік нұсқау	

қатар төмен молекулалы жанама өнімдер (су, аммиак, көмірқышқыл газы, спирт және т.б.) пайда болады. Бұл поликонденсация процесінің қайтымды екенін көрсетеді. Бастапқы мономерлер құрамына және реакцияны жүргізу тәсіліне байланысты, реакция қайтымды да, қайтымсыз да болуы мүмкін. Қайтымсыз поликонденсация жоғары жылдамдықпен жүреді, ал қайтымды поликонденсация жәй жүреді. Поликонденсация процесінде көп мөлшерде жылу бөлінетіндіктен (яғни экзотермиялық процесс), тепе-тендік жағдайда төмен температурада соңғы өнімнің молекулалық салмағы жоғары болады. Сондықтан процестің жылдамдығын арттыру үшін ең алдымен поликонденсацияны жоғары температурада жүргізеді. Содан кейін тепе-тендікке жақындаған сайын температуралы төмендетеді.

Фенол-формальдегидті шайырлары поликонденсациялық смолаларга жатады. Фенол-формальдегидті шайырларды алу процесінің тепе-тендік тұрақтысы $K_t=10000$ болады. Осыған орай тепе-тендік дайын өнімнің бағытына қарай ығысқан, яғни жанама өнім ретінде бөлінетін су поликонденсация процесінің кинетикасына әсер етпейді.

Поликонденсация процесінің жылдамдығы мен бағыты, сонымен қатар алынатын қосылыстардың құрамы мен қасиеттері әрекеттесуші заттардың қатынасы мен қасиеттеріне, функционал топтарының санына, әсерлесетін заттардың әрекеттесу бетіне (араластыруға), температураға, түзілген төмен молекулалы жанама өнімдердің реакция аймағынан шығару жиілігіне (тепе-тендік жылжыту үшін) және катализатордың қасиеттеріне байланысты болады. Катализатордың мөлшері мен қасиеттеріне және бастапқы реагенттердің қатынасына байланысты термопластикалық (термобалқығыш) және термореактивтік (термоқатты) смолалар алынады.

Термопластикалық смолалардың құрылышы сызықты болады, олар қыздырғанда балқиды, ал салқындалғанда қатады, және де белгілі бір еріткіштерде ериді.


Термореактивті шайырлардың құрылышы торлы жазық немесе кеңістікті болады, сонымен қатар оларды қыздырғанда немесе ұзақ уақыт сақтағанда олар балқымайды және ерімейді.

Термопластикалық шайырларды кейде наволочкалы шайырлар деп те атайды. 7 моль фенолға 6 моль формальдегид қосып, катализатор ретінде минералды қышқылдарды пайдаланғанда (HC_1 , H_3PO_4 , H_2SO_4) наволочкалы смола түзіледі:



Құрылышы сызықты шайырдың құрылымдық формуласы:

ОҢТҮСТИК QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Фармацевтикалық және токсикологиялық химия кафедрасы	044 -55/
«Жалпы химиялық технология» пәні бойынша зертханалық сабакқа арналған әдістемелік нұсқау	84 беттің 77 беті



Мұндағы. n=4+8

Фенол мен формальдегидтің молярлық қатынасы неғұрлым аз болса, соғұрлым алынатын смоланың молекулалық салмағы көп болады. Поликонденсация уақыты ұзақ болса фенол мен формальдегид толық байланысады және дайын өнімнің орташа молекулалық салмағы жоғарылайды. Наволочкалы шайырлар пресс-ұнтақ, абразивті және т.б. материалдар алу үшін қолданылады.

Бастапқы қоспада формальдегидтің мөлшері артық болғанда (6 моль фенолға 7 және одан да көп моль формальдегид қосқанда) және катализатор ретінде сілтілерді (NH₄OH, NaOH, Ba(OH)₂) немесе сілтілік металдарының тұздарын пайдаланғанда термореактивтік немесе резольді шайырларды алуға болады.

Қату дәрежесіне байланысты резольды шайырлар үш күйге бөлінеді:
 а) **резол (бакелит А)** -жоғарғы молекулалы өнімдердің қоспасы, қыздырғанда және спиртпен немесе ацетонмен әрекеттескенде ериді, сзықты құрылымға ие. Бұл саты 70-75°C-де журеді.

ә) Резол 90°C-ге дейін қыздырғанда немесе ұзақ уақыт сақтағанда **резитолға (бакелит В)** айналады. Тармақталған құрылымға ие, жартылай спиртте немесе ацетонда ериді, соның әсерінен ісінеді. Қыздырғанда балқымайды, жұмсарып созылмалы күйге өтеді.

б) **резит (бакелит С)** - поликонденсацияның соңғы сатысы, дайын өнімді өндірген кезде журеді. Қыздырған кезде резит жұмсармайды және еріткіштерде ісінбейді. Бұл қату процесінің негізі көлденең байланыстардың үзін сзықты тізбектермен байланысуына байланысты болады.

Резолдың резитолға өтуіне байланысты резолды шайырларды өндіру наволочкалы шайырларды өндіруге қарағанда қынға соғады. Сондықтан әрбір шайыр белгілі бір уақытта поликонденсацияланады.

ҚОНДЫРҒЫНЫҢ СИПАТТАМАСЫ ЖӘНЕ ЖҰМЫСТЫ ОРЫНДАУ ӘДІСТЕМЕСІ

Қондырғылар, техникалық және аспаптық құралдар:

ОҢТҮСТИК QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Фармацевтикалық және токсикологиялық химия кафедрасы	044 -55/ 84 беттің 78 беті
«Жалпы химиялық технология» пәні бойынша зертханалық сабакқа арналған әдістемелік нұсқау	

1. Смола алуға арналған қондырғы.
2. Химиялық ыдыстар.
3. ВЛТЭ-150 зертханалық таразысы.
4. Электрлік плитка.

Қондырғының сипаттамасы

Смола алуға арналған қондырғы 1 суретте көрсетілген. Ол су моншасына (2) орналастырылған және штативке бекітілген үш мойынды колбадан (1) тұрады. Колбаның ортаңғы мойнына ішкі қуысында араластырғышы (3) бар кері мұздатқыш (5) қосылған. Араластырғыш (3) электрлік қозғалтқыштың (4) көмегін іске қосылады. Температура термометрдің (6) көмегімен реттеледі. Су моншасын қыздыру үшін электрлік плиткасы қолданылады.

Наволочкалы шайырды алу әдістемесі

Тәжірибелерде кристалды фенол мен формальдегидтің сулы ерітіндісі (формалин) қолданылады.

(1,12-1,42):1 молярлық қатынаста алынған фенол мен формалинді бөлме температурасында колбада араластырады. Фенол толық ерігеннен кейін колбаға катализатор (HC_1 , H_2SO_4) қосып, су моншасына орналастырып $90-100^{\circ}\text{C}$ -ге дейін қыздырады.

Реагенттердің шығынын 10-50г фенолға есептейді. Реакцияны су қабатының көлем тұрақты болғанға дейін жүргізеді. Реакцияның аяқталуын байқау үшін колбаның бүйір мойнынан қоспаны алғып, оны салқындалады. Реакцияның соңын тұрақты ылай лайды болғанынан көреді. Ол үшін 3-5мл қоспаны алғып, фарфор ыдысқа құяды. Кейін ыдысты қыздырып, қоспаның құрамындағы суды буландырып, смола қата ма қатпай ма, соны бақылайды. Егер смола қатпаса қайнатуды жалғастыра береді.

Фенолдың формальдегидпен әрекеттесу реакциясының жүру қарқындылығын бақылау керек. Қалыпты жағдайда қоспаны $90-95^{\circ}\text{C}$ -ге дейін қыздырады. Егер қоспа қатты қайнап кетсе (қыздырғаннан 20-40 минуттан кейін), онда қыздыруды тез арада тоқтатып, моншадан колбаны алғып қояды. Біршама уақыт аралығында реакция қыздырусыз өз бетімен жүреді (конденсация реакциясының жылтуының әсерінен). Реакция тоқтаған кейін колбаны қайтадан қайнап тұрған су моншасына орналастырып, қоспа тұрақты екі қабатқа бөлінгенше реакцияны жалғастырады. Фенолдың формальдегидпен әрекеттесу реакциясы аяқталған соң, қыздыруды тез арада тоқтатып, су қабатын тұндырады. Содан кейін қоспаның бетіндегі суды төгіп тастап, бірінші су моншасында, кейін құм моншасында кептіреді. Кептіруді

<p>ОҢТҮСТИК QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY</p> <p>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</p>	 <p>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</p>
<p>Фармацевтикалық және токсикологиялық химия кафедрасы</p>	<p>044 -55/ 84 беттің 79 беті</p>
<p>«Жалпы химиялық технология» пәні бойынша зертханалық сабакқа арналған әдістемелік нұсқау</p>	

шыны таяқшаның көмегімен 130-160°C-де жүргізу қажет. Таяқшаға қатып калған тамшылар оңай майдаланатын болған жағдайда кептіруді тоқтатады. Содан кейін алынған шайырдың салмағын аналитикалық таразыда өлшейді. Шайырдың шығымын алынған бастапқы реагентердің салмақтарына қатысты есептейді.

Резольды шайырды алу әдістемесі


Резолдық шайырлар наволочкалы шайырлардан термореактивтілігімен, яғни 120°C температурадан жоғары қыздырғанда балқымайтын, ерімейтін күйлермен ерекшелінеді. Фенол мен формалин қоспасын және катализатор ретінде NH₄OH негізін пайдаланып, қоспаны 90-95°C-ге дейін қыздырып резол смолаларын алуға болады.

Синтезді жүргізу үшін 100г фенолдан, 100г 37%-ды формалиннен және бг 25%-ды аммоний гидроксидінің ерітіндісінен тұратын қоспаны сыйымдылығы 500мл дөңгелек табанды колбаға құяды (1 моль фенолға: 1,16 моль формалин және фенол салмағынан 1,5% NH₃). Колбаны кері мұздатқышпен байланыстырып (араластырғыш қосулы болуы қажет), 95°C-ге дейін, яғни қайнауға дейін қыздырады. Қоспаны 10-15мин аралығында қыздырады. Реакцияның аяқталғанын білу үшін реакциялық қоспанының 2-3мл пипетканың көмегімен пробиркаға құйып алады. Пробирканы сілкіп қоспаның температурасын 10°C-ге төмендетіп, лайлануын байқайды. Егер күшті лайлану білінсе реакцияның аяқталғаны. Егер лай пайда болмаса, қыздыруды тағы да 10-15 минут жалғастырып, тағы да лайлылығын тексереді. Осылайша әр 10-15мин сайын қайталайды. Ақыры, лай пайда болған соң тағы 10минут қыздырады. Процесс аяқталғаннан соң қыздыруды тоқтатып, қыздырғыш пен араластырғышты өшіріп, мұздатқышты алып, колбаның ішіндегі қоспаны фарфор ыдысқа (алдын-ала салмағы өлшенген) құйып алады.

Шайырды салқындастып, оның бетіндегі суды төгіп тастайды. Кейін шайырды бірнеше қайтара сумен жуып, оның салмағын анықтайды. Алынған шайырдың түсі ашық сарыдан қоңыр түске дейін болады. Температураның шектен тыс жоғарылату шайырдың қатты балқымайтын күйге өтуі алып келуі мүмкін.

Содан кейін білім алушы негізгі реакцияның теңдеуі бойынша 10 грамм формальдегидке жұмсалатын фенолдың салмақтық шығынын есептеп, сәйкес ұяшыққа енгізеді. Содан кейін катализатор шығынын есептеп, үрдіске енгізеді.

ОҢТҮСТИК QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Фармацевтикалық және токсикологиялық химия кафедрасы	044 -55/ 84 беттің 80 беті
«Жалпы химиялық технология» пәні бойынша зертханалық сабакқа арналған әдістемелік нұсқау	



1-сурет. Зертханалық қондырғының үлгісі.

1-Ушмойынды колба; 2 - монша; 3 - араластырғыш; 4 - қозғалтқыш;
5 - кері мұздатқыш; 6 - термометр; 7 - тығын;

Мәліметтерді жазып алу керек.

ҚАУІПСІЗДІК ТЕХНИКАСЫ

1. Білім алушылар жұмысқа өрттен сақтандыру және жұмыс қауіпсіздігінің ережелерін білгеннен кейін жіберіледі.
2. Зертханалық жұмысты арнайы киіммен жүргізу қажет.
3. Жұмысты арнайы сорғыш шкафттарда орындау қажет, себебі бастапқы заттар мен реакциялық қоспа буынан адам уланып қалуы мүмкін.
4. Зертханалық қондырғының дұрыс жиналуын тексеру керек.
5. Қоспа қатты қайнап кеткен жағдайда тез арада қыздыруды өшіру керек.
6. Колбаның ішіндегі қоспаны тек қана тамызғыш пен грушаның көмегімен алу керек.
7. Смоладан суды буландыруды тек қана фарфор ьдыста, сорғыш шкафтың ішінде, күм моншасында жүргізілуі керек.

**7. Әдебиеттер:
негізгі:**

қазақ тілінде

<p>ОҢТҮСТИК QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY</p> <p>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</p>	 <p>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</p>
<p>Фармацевтикалық және токсикологиялық химия кафедрасы</p>	<p>044 -55/ 84 беттің 81 беті</p>
<p>«Жалпы химиялық технология» пәні бойынша зертханалық сабакқа арналған әдістемелік нұсқау</p>	

- Химиялық технология негіздері: оқулық/ Ы. Қ. Тойбаев [ж. б.]; КР БФМ. - Алматы: ЖШС РПБК "Дәуір", 2011.-296 бет.- (КР Жоғары оқу орындарының қауымдастыры).
- Химия өндірісінің негізгі процестері мен аппараттары: Зертханалық практикум: оқу құралы/ Ш. Ш. Нұрсейітов. - Алматы: Эверо, 2014. - 140 бет. с.
- Seitmagzimova, G. M. General chemical technology: textbook/ G. M. Seitmagzimova. - Almaty: Association of higher educational institutions of Kazakhstan, 2016. - 292 p.

орыс тілінде

- Жакирова, Н. К. Основы фармацевтической биотехнологии: учеб. пособие / Н. К. Жакирова, Н. К. Байзолданов, З. Б. Сакипова. - Алматы: Изд-во КазНМУ, 2008. - 256 с.
- Жакирова, Н. К. Общая химическая технология: учеб. пособие / Н. К. Жакирова. - Рек. Учеб.-методич. Советом ун-та им. С. Д. Асфендиярова. - Алматы : Эверо, 2013. - 119 с.

электронды басылымдар:

- Усманова, М. Б. Жалпы химия [Электронный ресурс]: оқу құралы / М. Б. Усманова. - Электрон. текстовые дан. (19,1 МБ). - Өскемен: "Мультимедия зертханаасы", 2007. - эл. опт. диск (CD-ROM).

КАО электронды ресурстар

- Электронная библиотека ЮКМА - <https://e-lib.skma.edu.kz/genres>
- Республиканская межвузовская электронная библиотека (РМЭБ) – <http://rmebrk.kz/>
- Цифровая библиотека «Aknurpress» - <https://www.aknurpress.kz/>
- Электронная библиотека «Эпиграф» - <http://www.elib.kz/>
- Эпиграф - портал мультимедийных учебников <https://mbook.kz/ru/index/>
- ЭБС IPR SMART <https://www.iprbookshop.ru/auth>
- информационно-правовая система «Зан» - <https://zan.kz/ru>
- Cochrane Library - <https://www.cochranelibrary.com/>

қосынша:

- Ергожин, Е. Е. Ордена Трудового Красного Знамени Институт химических наук им. А. Б. Бектурова в 1988-2003 гг.- открытия, внедрения, достижения и награды: науч. изд. / Е. Е. Ергожин. - Алматы : ТОО "Print-S", 2004. - 95 с.
- Товажнянский Л., Кошелева М., Бухкало С. Общая химическая технология в примерах, задачах, лабораторных работах и тестах. Учебное пособие. Изд.: Инфра-М, 2015г-447с.
- Айнштейн В. Г., Захаров М. К., Носов Г. А. и др. Процессы и аппараты химической технологии. Общий курс. Книга 1. Изд.: Лань Спб, 2018 г- 916с.

OÝTÜSTIK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SKMA <i>-1979-</i>	SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Фармацевтикалық және токсикологиялық химия кафедрасы		044 -55/ 84 беттің 82 беті
«Жалпы химиялық технология» пәні бойынша зертханалық сабакқа арналған әдістемелік нұсқау		

4. Айнштейн В. Г., Захаров М. К., Носов Г. А. и др. Процессы и аппараты химической технологии. Общий курс. Книга 2. Изд.: Лань Спб, 2018 г- 876с.
5. Сутягин В., Ляпков А. Общая химическая технология полимеров. Изд.: Лань Спб, 2018г- 208с.

7. Әдістемелік қамтамасыз етілуі:

Дәріске сілтеме:

https://docs.google.com/document/d/10kK_8aAAZDBpShqoVwKBuwRAd9UydZkN/edit?usp=sharing&ouid=103428168790945926723&rtpof=true&sd=true

8. БАҚЫЛАУ СҮРАҚТАРЫ

1. Жасанды химиялық талшықтарда:

- A) талшықтың полимерлік табиғаты сақталады
- B) талшықтың полиэфирлік табиғаты сақталады
- C) полимерлердің құрамы мен түрі өзгереді
- D) талшықтың құрамы мен түрі өзгереді
- E) талшықтың құрамында өзгерістер болмайды

2. Синтетикалық химиялық талшықтар:

- A) синтетикалық полимерлердің түрлендіру арқылы алғынады
- B) жасанды талшықтардың түрлендіру арқылы алғынады
- C) синтетикалық полимерлердің тұз қышқылымен өңдеу арқылы алғынады
- D) синтетикалық шикізаттарды химиялық өңдеу арқылы алғынады
- E) жасанды полимерлердің химиялық түрлендіру арқылы алғынады

3. Жасанды химиялық талшық:

- A) вискоза
- B) капрон
- C) нейлон
- D) лавсан
- E) полиамид

4. Синтетикалық химиялық талшық:

- A) капрон
- B) вискоза
- C) жібек
- D) бөз
- E) мақта

5. Синтетикалық химиялық талшық:

- A) нейлон
- B) вискоза

ОҢТҮСТИК QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Фармацевтикалық және токсикологиялық химия кафедрасы	044 -55/ 84 беттің 83 беті
«Жалпы химиялық технология» пәні бойынша зертханалық сабакқа арналған әдістемелік нұсқау	

- C) жібек
- D) бөз
- E) мақта

6. Синтетикалық химиялық талшық:

- A) лавсан
- B) вискоза
- C) жібек
- D) бөз
- E) мақта

7. Капрон өндірісіндегі полимеризация температуры:

- A) 250°C
- B) 500°C
- C) 610°C
- D) 700°C
- E) 400°C

8. Капрон өндірісіндегі полимеризация қысымы:

- A) 15 атм
- B) 72 атм
- C) 30 МПа
- D) 5 атм
- E) 75 МПа

9. Каучук дегеніміз:

- A) сыртқы күштің әсерінен сығылуға және көлемін ұлғайтуға бейім материал
- B) ішкі күштің әсерінен сығылуға және көлемін ұлғайтуға бейім материал
- C) сыртқы күштің әсерінен химиялық құрамы мен қасиеттерін өзгертетін материал
- D) химиялық реакцияның нәтижесінде сығылып көлемі азаятын материал
- E) сыртқы күштің әсерінен сығылып көлемі азаятын материал

10. Резина қоспасының негізгі ингредиенттері:

- A) каучук, вулканизатор, жұмсартқыштар, толықтырғыштар
- B) каучук, вулканизатор, қышқылдар, толықтырғыштар
- C) каучук, вулканизатор, жұмсартқыштар, тотықтырғыштар
- D) табиғи каучук, күкірт, жұмсартқыштар, бояғыштар
- E) синтетикалық каучук, вулканизатор, бояғыштар, толықтырғыштар

<p>ОҢТҮСТИК QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY</p> <p>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</p>	 <p>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</p>	
Фармацевтикалық және токсикологиялық химия кафедрасы		044 -55/ 84 беттің 84 беті
«Жалпы химиялық технология» пәні бойынша зертханалық сабакқа арналған әдістемелік нұсқау		

<p>ОҢТҮСТИК QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY</p> <p>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</p>	 <p>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</p>	
Фармацевтикалық және токсикологиялық химия кафедрасы		044 -55/ 84 беттің 85 беті
«Жалпы химиялық технология» пәні бойынша зертханалық сабакқа арналған әдістемелік нұсқау		